

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №44 имени Динмухамеда Қонаева» отдела образования города Уральск управления образования акимата Западно-Казахстанской области

БҚО, Орал қаласы

Д.Қонаев атындағы ықшам ауданы, 54 үй

Тел/факс: 8 (7112)28 71 99, 28 69 84

Бұйрық

«№06/01.08.2023 ж.»

ЗКО, г. Уральск

мкр. имени Д.А.Кунаева, д. 54

тел/факс: 8 (7112)28 71 99, 28 69 84

Приказ

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

БҚО Білім басқармасының 27.07.2023 ж. №2-7/4157, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің» 28.07.2023 ж. № 2-16/2262 шығыс хаттарын басшылыққа ала отырып,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке жол» акциясы 2023 жылдың 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында өткізілсін.
2. Акция өткізу барысында «Мектепке жол» акциясын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар басшылыққа алынып, мектепшілік жоспар құрылсын.
3. Мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында білім алушылардың жаңа жинағын ескере отырып, мектептің әлеуметтік паспорты жасакталып, көмекке мұқтаж балалардың деректер банкі қалыптастырылсын.
4. Дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар» (қоғамдық орындар, компьютерлік клубтар) рейдтері ұйымдастырылып, өткізілсін.
5. Бірінші сыныпқа қадам басқан оқушыларды мектеппен, сынып жетекшісімен таныстыру мақсатында оқушыларға дайындық сабақтары, бірінші сынып ата-аналарына ата-аналар жиналысы ұйымдастырылсын.
6. Акция шеңберінде демеушілік қолдау көрсете алатын өндірістік компаниялар мен коммерциялық ұйымдардың мәліметтер қорын, тізімін жасақтау, олармен байланыс орнатып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету белсенді түрде жүргізілсін.
7. Мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сататын кәсіпкерлерге бағаларды төмендету туралы ұсыныстар беріліп, сауда орталықтарында ізгілік көмек көрсету пункттерін құру мүмкіндіктері қарастырылсын.
8. Акцияға ірі өндірістік компанияларды, бизнес өкілдерін тарту мақсатында мектеп кіреберіс фойесінде стенд түрінде ақпараттық тақта, бұрыштар жасакталып, акция логотипі бейнеленген арнайы қағаздар, плакаттар ілінсін.
9. «Мектепке жол» акциясы туралы әлеуметтік бейнеролик дайындалып, БАҚ-на, әлеуметтік желіге мақалалар жариялансын.
10. Акцияның өту барысы туралы ақпарат мәтіндік және қосымша берілген нысандарға сәйкес фото, бейнематериалдармен бірге, жоспарда көрсетілген мерзімдерге сәйкес, қорытынды талдау, мәлімет ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін тапсырылсын (бұқаралық-ақпарат құралдарында жарияланған материалдар қоса жалғансын)
11. Осы бұйрықтың орындалуына қажетті шараларды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры:



Б.С.Тлекенова